



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

01.11.2023 жыл №7

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс сегізінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс сегізінші сессиясы 2023 жылғы 7 қараша, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихаты
төрағасының м.а. Б.Сүгірбаев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс сегізінші сессиясы 2023 жылғы 7 қараша, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 7 қараша, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 7 қараша, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №145 «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Созақ ауданы әкімдігі жанынан терроризмге қарсы комиссия құрамын бекіту туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихаты
төрағасының м.а. Б.Сүгірбаев

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Президенті Эмманюэль Макронмен келіссөз жүргізді.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекет басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға ілтипат білдіріп, жылы қарсы алды.

«Президент мырза, біз үшін



Қазақстан мен Франция президенттері келіссөз жүргізді

бүгін үлкен оқиға. Сіздің сапарыңызды бәріміз құптаймыз. Менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық жақсы дамып келе жатыр. Дегенмен екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беру керек. Сондықтан сіздің сапарыңызды тарихи, өте маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін. Оған ешқандай күмәнім жоқ», деді Президент.

Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның Еуропа Одағындағы басты және сенімді серіктесі, сондай-ақ ел экономикасының ірі инвесторының бірі екенін атап өтті.

Өз кезегінде Эмманюэль Макрон Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстарға жоғары баға берді.

«Президент мырза, ресми сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Астанаға келіп, Сізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Осы сапарды ұйымдастырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл сапар біздің екіжақты серіктестігіміз үшін маңызды жылмен тұспа-тұс келіп отыр. Бүгін біз өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасып, БҰҰ Жарғысын, соның ішінде аумақтық тұтастық, ұлттық тәуелсіздік қағидаттарын сақтауға бейілді екенімізді тағы да нақтылай аламыз. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылаймыз. Біз экономикалық тұрғыдан серіктес елдерміз. Сондай-ақ Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық-стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыта түсетін маңызды келісімдерге қол қоямыз. Сізбен жүздесіп,

ортақ күн тәртібін талқылау мүмкіндігі туғаны үшін қуаныштымын», деді Франция Президенті.

Мемлекет басшылары қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, кәсіп-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Екіжақты кездесуден кейін мемлекеттер басшылары келіссөздерді екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

Несие алуда шектеулер енгізілуі мүмкін

Шамадан тыс несе алу проблемасын түбегейлі шешу үшін шектеулер енгізу қажет. Бұл пікірді Үкімет отырысында Әлихан Смайылов айтты.

Премьердің пайымынша, микроқаржы ұйымдарының, әсіресе «жалақыға дейін» қарыз беретін мекемелердің шекті несиелеу мөлшерлемелерін, сомалары мен мерзімдерін қайта қарау қажет.

«Ұсынылып отырған барлық заңнамалық түзетулер пысықталып, жыл соңына дейін Парламентке енгізілуі тиіс. Бұл шаралар азаматтардың шамадан тыс қарыз алуын шектеуге және тұтыну кредиттерін беруде тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді», деп түсіндірді Үкімет басшысы.



алу керектігін нақты түсінуі керек. Мұндай тәжірибе көптеген елдерде бар», дейді ол.

«Созақ үні» - ақпарат.

Баспасөз-2024

«Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақтылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450

Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.

«Ернұр Пресс» ЖШС арқылы-2730 теңге

Созақ ауданы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Құмкент ауылдық округі және Қызылкөл елді мекенінің бір топ ерікті жастары қайырымдылық жасау мақсатында жалғыз басты қария Ескендір Рабиттің және де мүгедектігі бар зейнеткер Есқараев Күмісбек қарияға көмек көрсетіп, үй маңайын тазалап, отынын жарып, үй-ішін жинап берді. Осы аталған үйлерге демеушілер тарапынан азық-түлік берілді. «Жаңбырменен жер көгерер, алғыспен ел көгерер»



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМ АМАН БОЛСЫН

демекші, дүниеде ел алғысына бөленуден артық сый жоқ! Қамқорлыққа зәру жан-

дардың қамқоршысы болып, жылы сөз, жүрек жылуын ұсынып, ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсетіп

жүрген жомарт жандар қатары көбейе берсе екен дейміз.

ЖАСТАР ҰЛТ-БОЛАШАҒЫ



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен А.Макаренко ЖОМ оқушыларына өзекті мәселелердің (өз-өзіне қол жұмсау, қызық бұзушылық аутодеструктивті мінез құлық, ертежүктілік сонымен қатар зиянды әдеттердің) және деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында кездесу өткізілді.

Мақсаты; өз міндеттерін, құқықтарын түсіндіру. Қоғаммен және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру.

Оқушыларды өз ойларын нақты ортада ашық айтуға дағдыландыру. Өздерін қорғай білуді үйрету. Діни мағлұматтарды түсіндіру.

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психолог маманы мен теолог маманы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, мамандар жасөспірімдерге психологиялық ақпараттар мен зиянды әдеттер туралы және деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қызықты сергіту сәті өткізіліп, оқушылармен кері байланыс жасалды.

Құрылыс жұмыстарымен танысты

Созақ ауданы, Шолақ-қорған ауылындағы жайлы мектеп бағдарламасымен салынып жатқан 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің құрылыс жұмыстарымен танысуға 30 қазан күні «АМА-

ға қаралған қаржы (2023 жылға) -1 млрд 900 млн. Игерілген қаржы: 400 млн. Қазіргі таңда құрылыстың жер асты фундаменті және тарелкалары арнайы арматурмен күшейтіліп, бетон құйылып біткен. Жер асты



NAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев, комиссия мүшесі Н.Майусова және партиялық бақылау постының жетекшісі С.Мәлікайдаров және мердігер мекеме «Каратау» ЛТД» ЖШС-нің құрылыс жобасының жетекшісі Е.Сариев, техникалық бақылаушы С.Смаханов, жоба жетекшісінің орынбасары Н.Әбілпаттаев қатысты.

Тапсырыс беруші: АО «Samuruk-Kazyna Construction», Жоба жетекшісі: Н.С.Сражиев, Бас мердігер: «Каратау» ЛТД» ЖШС, Бас жобалаушы: Научно-производственно технический центр «САМИ» ЖШС, Құрылыстың жобалық құны: 5 млрд 700 млн, Биылғы жыл-

бөлмелерінің (подвал) фундаменті құйылып жатыр. Құрылыс алаңы биік қоршаумен қоршалып, қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Құрылысты бақылау үшін арнайы камералар орнатылып, камера тапсырыс беруші «Samuruk-Kazyna Construction» мекемесіне тікелей жалғанған. Құрылыс жұмыстарын күнделікті камералық бақылау арқылы көріп отыру қарастырылған. Құрылыс жұмысының басында арнайы техникалар жұмыс жүргізіп отыр. Жұмысшылар арнайы киіммен жабдықталған. Құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сай жүргізіліп отыр. Атқарылған құрылыс жұмыстарының сапасы өте жоғары деңгейде жүргізіліп отырғандығы байқалды.

“АЛТЫН ТҰҒЫР” сайысы өтті

2023 жылдың қазан айының соңғы күндері «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімдері арасында «АЛТЫН ТҰҒЫР» республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңі болып өтті. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жету ұмтылысы мен шығармашылық әлеуетін шыңдау бағытындағы олимпиадаға мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері жоғары белсенділікпен қатысты.

Олимпиада жұмыстарын қорытындылау барысында мұғалімдердің жіті дайындалғандығы байқалды. Комиссия алқасының ұйғаруымен «АЛТЫН ТҰҒЫР» республикалық бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасының III орынның ұпай санына байланысты бастауыш сынып мұғалімі Әбдиева Қызғалдақ Абдрахманқызы алса, II орынды Сатанова Жадыра Темірәліқызы иемденді. Олимпиаданың I орнын Жылқыбаева Зәбира Садуахасқызы жеңіп алып, «АЛТЫН ТҰҒЫР» олимпиадасының аудандық кезеңіне ұсынылды.

«АЛТЫН ТҰҒЫР» олимпиадасының аудандық кезеңіне ұсынылған әріптесімізге сәттілік тілейміз.

«Созақ үні»-ақпарат.



Танымдық сағаты өткізілді

Аудандық орталық кітапхананың «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің» кітапханашылары А.Сарыбаева, А.Балтабекова Р.Пазылбекова жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстанның халық жазушысы Тахауи Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Тахауи тағылымы» атты танымдық сағатты өткізді.

Іс-шара ауданда орналасқан Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебімен «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы аясында ашылған «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» орталығындағы оқырмандарға қаламгердің шығармашылық әлемі насихатталды.

Танымдық сағат барысында жазушының өмірі мен шығармашылығы, қызықты оқиғалары баяндалды. Кітап көрмесіне «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», «Көкейкесті» шығармалары қойылды. Кітап көрмесіне кітапханашылар шолу жасалды.

Мақсаты қарымды қаламгер, драматург, жазушы, аудармашы Тахауи Ахтанов туралы мәлімет беру.

“ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ”

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау конкурсын бастады.

Гранттар жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде мынадай бағыттар бойынша беріледі:

«Ғылым»– ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

«Мәдениет»– Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

«Ақпараттық технологиялар»– жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

«Бизнес» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

«Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған.

Осы бойынша аудан жастарына үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.



Қаратаудың дүлдүлі, Қарақұрдың жыр нұры ақын, еңбек ардагері Тілеубек ақсақал Ыбырайымұлының сексен жастың сеңгіріне бет алған шағында есепті, «Жер ұйығым, Созағым осы менің...» атты шығармашылық кеші өтті. Ағайын-туыс, құда-жекжат, ойлы оқырмандары алдында:

Кең тыныстап, беткейде кесілемін,

Өзіңде екен байлығы несібенің.

Жұмақ жері басқаның керек емес,

Жер ұйығым туған жер осы менің,-деп жырлап, кесіле шапқан күн болды.

Созақтың дархан даласындай жазира, Қаратаудың тарихымен



Ғажап дерсің, жазира, өлкем керім...

тұтасқан, мыңжылдық қатпарындай сырға толы жырларымен танылған қарт ақын, осы күнге дейін бірнеше жыр кітабының авторы атанып үлгерді. Тынымсыз, шаршау дегенді білмейтін еңбекқор ақын. Теріскейдің таланттар шоғырында өзіндік орны бар, өлкеміздің 95 жылдық тарихында, өсіп-өркендеуінде ілкімді үлесі бар ақын Тілеубек Ыбырайымұлы сексен жастың сеңгіріне толуына орай «Жер ұйығым, Созағым осы менің...» атты шығармашылық кеші ел есінде айта жүрерліктей шалқар шабыт, пайымды пікір, толғанысқа толы кеш дәрежесінде өтті. Қаламдас, құрдасы Мыңжасар ақын айтпақшы Тілеубек көкеміз жасынан жырға құмар, сырбаз

тық «Тұғыры биік тұлға» атты мүшәйрада тағы да бас жүлдені қанжығасына бөктерді. 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдық аясында ақын Б.Тағыбаевтың 80 жылдығына арналған «Көзден кеткенмен, көңілден кетпейді!» атты еске алу жыр мүшәйрасында III орынды, 2022 жылы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай өткізілген облыстық «Жыр жауһарлары» байқауынан диплом иеленді. «Құралайдың салқыны», «Аққуым ару жырларым» атты жыр кітаптары жарық көрген ақтаңгер ақын.

Ақынның шығармашылық кешінің шымалдығын аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Әбілдаұлы Оразов құттықтау сөзбен ашып, ақын ағаны мерейлі жа-

аудандық шығармашылық бірлестігінің төрағасы, ҚР Мәдениет қайраткері, ақын Мыңжасар Асқаров және Созақ ауданының Құрметті азаматы Аманғали Аймұрзаев жалғастырып, кеш иесіне жылы лебіздерін білдірді. Өлкеміздің қаламгерлер қауымы ақын Байділда Айдарбеков, аудандық газеттің бас редакторы, ақын Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық газеттің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай, ақын Тұмартай Дінтайұлы, ұстаздар Нұрғали Маханов, ақындар Жаннат Райымбекова, Ибраһим Халиолла, Әбсалам Мырзақерім ақынға арнауларын оқып, ыстық ықылас –тілектерін білдірді. Кеш бойы ән шырқалып, жыр оқылды. Айтқандай Грузияның астанасы Тбилиси қаласында спорттың күрес түрінен әлемдік додаға түсіп жатқан немересі Айбар Тілеубек тікелей эфирге шығып атасын мерей тойымен құттықтады. Ақынның немересі Нұрғаным Тілеубек атасына әуезді әнін арнаса, Айдарқыздары Гүлғаным мен Гауһар, Спандиярқызы Жауһар, Даниярұлы Арнұр жауһар жырдан маржан төкті. Аталмыш кештің ресми бөлімін ақын Гүлнар Өмірбек жүргізсе, мерекелік дастархан басындағы тойды жезтаңдай, күміс көмей әнші Кенжебай Шалбауырымыз сәнін келтіре әспетті жүргізе білді. Раушан Баймұратова, Кенжебайдың шәкірті Елдос ініміз әуелете шырқаған әндер сахнадан төгіліп, ғимараттан шығып, Теріскей даласын кезе жөнелгендей шарықтата шырқалды. Шабытты жыр кешіне Алматы, Түркістан, Кентау, Шымкент, Түркістан қалаларынан арнайы қонақтар келді. Олардың ішінде алматылық, кезінде Қаратау совхозында есепшілік қызмет атқарған Лесбек ағамыз жұбайы Мейірқұлмен, түлкібастан келген, кезінде Созақ өңірінің озат шопаны атанған Құлманов Серік сияқты Тілеубек ағамыздың кластастары да болды. Әрине, аудан әкімдігіне, аудандық мәдениет бөліміне (басшысы Мерей Ниязәліқылына) ойлы оқырмандарымыз бен ақ баталы ақсақалдарымыз атынан ризашылығымыз шексіз.

Еңбегі елдің көз алдында, қаламгерлігі бір төбе, 80 атты мерей жасына мол рухани қазына арқалай жеткен, ел алдына шығармашылық есеп бере келген Тілеубек аға да кеш сонында елге алғысын білдіріп, ағынан жарылды. Ардагер ақынның кеші осылай өтті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Кітапхана қоры

ҚУАНЫШ АЙТАХАНОВТЫҢ КІТАПТАРЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

Созақ ауданының кітап қоры ауданымызды басқарған экс-әкім, экс-сенатор, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханұлы Айтахановтың қаламынан туған кітаптармен толықты. Расында сонау 1928 жылдан бері ауданды басқарып келе жатқан азаматтардың ішінде ең көп кітап жазған Қуаныш Айтаханов екені даусыз. Кітаптарының басым бөлігі Парламент қабырғасындағы депутаттық сауалдар, өмірлік іс тәжірибелер, мемлекет және қоғам қайраткерінің қаламынан туған дүниелер сөзсіз ауданымыздың тарихынан бастап,



еліміздің жылнамаларына қосылар құнды дүние болатыны анық. Қуаныш Айтахановтың ұшқыр қаламынан туған «Өмір белестері», «Азамат ажары», «Мерей», «Депутаттық сауалдар», «Сол бір жылдар», «Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамытудың басым бағыттары», «Елге қызмет басты міндет», «Ел мерейі жолында», «Отырар жәдігерлері», Өмірзақ Ақжігіттің Қуаныш Айтаханов туралы «Тыныштық жақпайтын адам» және тағы басқа көптеген кітаптары елге келді. Өзі есімін елге танытып, музейінің іргетасын қалап, ішін құнды жәдігерлермен толықтыру үшін тарихшы Тұрантегі Дулат көкемізді арысы Орынбор, берісі Алматы, Түркістанға дейін сапарлатқан Қуаныш Айтахановтың еңбегін бағалаған Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейіне бір-бір данадан, аудандық орталық кітапханаға бір-бір данадан 40-50 шақты кітаптарын табыс еттік. Кітапты жеткізуші аудан



әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов. Ерлан Шымкент қаласына арнайы барып Қуаныш ағамыздың өз қолынан кітаптарды алып келіп тіісті орындарға салтанатты жағдайда табыс етті. Көзі қарақты оқырмандар Қуаныш Айтахановтың кітаптарымен оқып танысқыларыңыз келсе, керекті материалдар іздесеңіздер кітапханадан табысыздар.

Автордың «Сол бір жылдар» атты кітабы толықтай Созақ ауданына арналған десе де болады. Онда сол қиын да күрделі жылдары Созақ ауданын басқарып тұрған уақыттағы елдің жағдайы, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалдары барынша баяндалады. Кітапта ауданымызға белгі тұлғалардың ой-пікірлері, өлеңдері жарияланған.

Сонымен қатар, елім, жерім деп төл туындыларын қиырдағы Теріскей еліне сый ретінде ұсынған кітап авторы Қуаныш Айтахановқа қалың оқырманды Созақ ауданы жұртшылығы атынан алғыс білдіреміз!

«Созақ үні»-ақпарат.



жанды сырға құмар ағамыз өлең өлкесіне кеш келсе де біршама замандастарын қуып жетті. Өлең жазды, өндіртіп жазды. Оқырмандарының ыстық ықыласына бөленді. Көптеген мүшәйраларға қатысты, алуан тақырыпқа қалам тербеді. Мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 120 жылдығында «Ақсұмбеден ұшқан аққанат сұңқар» атты республикалық мүшәйрада I орын, 2018 жылы Созақ ауданының 90 жылдығы аясында ақын Б.Батырбекованың 90 жылдығына орай «Созағым менің жыр елім» атты облыстық жазба ақындар арасында бас жүлдені, 2019 жылы С.Қожановтың 125 жылдығына орай өткізілген облыс-

сымен құттықтап, кештің тағылымы мен тәрбиелік мәніне тоқталды. Кеш кейіпкеріне аудан әкімі аппараты атынан сый-сияпат жасады. Құттықтауды аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Мырзабекұлы Жәмиев пен аудандық ардагерлер кеңесі атынан Ақылтай Тоқтыбаев жалғастырып, мәслихат депутаттары атынан құрметін білдіріп, иығына шапан жауып, құттықтау хатын табыс етті. Ақынның баспадан таяуда шығып, жарық көрген «Назқоңыр» жыр жинағының тұсау кесер рәсімін Түркістан облысының және Созақ ауданының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков, Құлыншақ Кемелұлы атындағы

Қарақұр ауылындағы біз оқыған орта мектеп басқа ауылдардағы жатқан келген ұзына бойы F немесе П әріптеріне ұқсас болып келетін. Терезелері күннен сарғыш тартып, едендері сықырлап, есіктері шиқылдап тұратын. Бірақ ол уақытта мектептер солай болғанымен ұстаздары білімді, оқушылары білім, ілімге құштар талапты болатын. Мектеп қабырғасында менің ұнататын, менің оң жамбасыма келетін пәнім-химия пәні болатын. Ал әдебиетті тану, білу- ол әрбір оқушы білуге тиісті пән сияқты еді. Өйткені, біздің арамызда үлкейгенде жазушы, журналист боламын деп армандайтын бала болмайтын. Әрине, ауыл кітапханасы біз үшін екінші үйіміз сияқты болды. Балалардың көбісі мұғалім, дәрігер, директор, зоотехник, учаскочый, ветврач болуды армандайтын.

Мүмкін біздің көріп, танып, біліп жүрген кісілеріміз осы мамандық иелері болғаннан шығар. Жазушы, журналист деген біз көрмеген, ауылдан мәңгі ұзақ, сапарласаң жол жеткізбес Алматы деген қалада ғана



пішіні ішкі жан әлеміне сәйкес жандар таңдалса керек.

Расында сол уақыттағы біз және біз сияқты балалар Ортай ағайдың отты жылдарын ұрладық. Өз отбасындағы 4-5 балаңды тәрбиелеу, олардың шуылына бой үйрету, артық кем еркіліктерін көтере білу де зор сабырлықты қажет етеді. Әрқайсысы бір-бір үйдің еркілері мен серкілері қалай жүгіріп, қалай ойнаса да жарасар еді. Алайда тәртіп деген бар адам баласына ортақ дүне. Сол себепті ешкімде өзіне лайықты ризашылығы мен теріс қылықтары үшін жауапкершілік алдында тізе бүгуі тиіс.

Ортай ағайдың әкесі Бегімжан көкеміз кезінде Шолақорған ауылында тұратын, мектеп директоры Шаймерденов Талғаттың атасы Шаймерденнің қарындасы Шарипаны өзіне жар еткен екен. Сонда Ортай ағай Шаймерденов Атажан, Бабаяндарға жиен. Ортай ағайдың анасы Шарипаның туған сіңілісі Зүбайра Қаратау ауылында ғұмыр кешкен, Әйбике руының азаматы

Отызында Мәскеу көрген азамат

жүретін, қиялымыздағы ғана адамдар сияқты еді. Жетінші класқа көшкен жылы бізге Бегімжанов Ортай ағай сабақ берді. Жүріс-тұрысы нық, тап-таза, тіп-тік, шашы үнемі таралып, костюм-шалбарына қылау түспейтін биязы ағай тақта алдында химияның қиял әлеміне сапар шектіретін. Класс жетекшіміз Әшірова Айжамал апай екеуі кезектесіп, әлде сағат солай бөліне ме, химия пәні болатын күні «бүгін ағай болады

шегі оқығанда бізге түсініксіз болған жерлері айқара ашылған есіктей санамызды аша түсетін. Ортай ағам менің әкемнен бір жас кішілігі бар. Ортай аға 1946 жылы 14 сәуірде дүниеге келген. Алла қаласа алдағы көктемде 78 жасты ерттегелі отыр. Бұрынғы Ленин колхозында дүниеге келген. Тау етегіндегі жеті жылдық мектепте і бітірген соң, Оқуын Созақтағы Ленин атындағы мектепте жалғайды. Мектепті үздік бітіріп, сол

мақтау қағаздарымен бірнеше мәрте марапатталды.

«В.И.Лениннің 100 жылдығы» мерекелік медалінің иегері. Күлзира апамыз екеуі өмірге 9 ұл-қыз әкеліп, олардан немере, шөбере сүйді. Әттеңі сол апамыз өмірден ерттелеу кетті.

Бүгінде қарап тұрсақ ұстаздық жолдағы әріптес достары, сыйлас замандастарының қатары да сиреп қалыпты. Уақыт деген зырылдап

Аманханның анасы. Аманхан аға мен Ортай ағай бөле болып келеді.

Бегімжан көкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері болды. Майдангер көкеміз ауыл-аймағына қадірлі, елге сыйлы азамат болатын. Соғыстан кейін колхоз құрылысы қарқынды дамыды. Ортай ағайдың ата-анасы осы іргелі шаруашылықты өркендету жолында қажырлы еңбек еткен жандар. Ортай ағайдың туған әпкесі қарақұрлық Ақмаханов Қадір деген



ма? апай болады ма? қоңыраудан кейін, класқа кіріп есікке қарап отыратынбыз. Білімдері бірінен бірі асқан, мейірімдері бірінен бірі асқан ұстаздарым бүгінге ата, әже болып қасиетті қара шаңырақтарының ұйытқыларына айналып отыр. Ортай Бегімжанов, Сейтжан Сүйінбаев, Көшербай Қарғабаяв, Әлімтөре Пәрімбеков, Бақыт Қожабеков ағайлар бірге топтаса жүретін. Біздің үйге кіріп апам амандасып, жағдайын сұрап, келісіп-кетісіп тұратын. Орта ағайдың сабақ беру тәсілі бөлек болатын. Алдымен өзімізге бір-бір мәрте оқытып алып, содан кейін түсіндіретін. Мүмкін мұқият, тыңғылықты тыңдап отырсын дейтін шығар. Сол әдісіне үйреніп алған біз ағайдың алдағы өтетін сабағын бір-бір сыпыра оқып алып келетінбіз. Ағай айтып түсіндіріп жатқанда ке-

кездегі көпшілікке арман болған, ару Алматы қаласындағы Абай атындағы ел аузында «КазПИ» атанған педагогикалық институтқа түседі. Болашақ химия мен биология мұғалімі мамандығын игермек жас талап жалынды күндерін білім жолына арнайды. Кітапхана, қосымша сабақ түрлі химиялық кештер, институттың «жас химиктер» клубы, өз бетінше ізденістер студент Ортайға көп көмегін береді. Оқуын аяқтап қолына дипломы тиген соң туған ауылына келіп Ф. Энгельс атындағы орта мектепте 1968-1996 жылдар аралығында тапжылмай 28 жыл ұстаздық еңбек етеді. Мектеп директорының орынбасары бола жүріп, жеті мектеп директорымен қызметтес болады.

Нәтижелі жұмыстарының арқасында аудандық, облыстық білім бөлімі, комсомол, кәсіподақ ұйымының

өтіп жатыр. Кеше ғана өзі сабақ берген балалар бүгінде зейнет демалысына шығып ата-әже болып отыр. «Қамшының сабындай қысқа уақыт» деген осы шығар.

Ол уақытта ұстаздардың ішінде Мәскеу көрген тек Ортай ағай болатын. 1974 жылы Ортай ағай аудандық білім бөлімінен инспектор Сейділдаев Нұрділда топ жетекшісі болып ауданнан 25-30 оқушы сол уақытта «еліміздің жүрегі» саналатын Мәскеуге саяхаттап барып қайтты. Әлемге әйгілі Кремльді тым жақыннан көрді, Қызыл алаңда болды, мавзолейге кірді. Араларында бір-екі әйел кісі болған еді. Бірі дәрігер, бірі вожатый болса керек. Қарап тұрсаңыз ауданда пәленбай мұғалім бар. Сол мұғалімдердің ішінен Ортай ағайға таңдау түсуі шынында таңданарлық еді. Себебі, Мәскеуге бару үшін білімді, сыртқы

азаматқа тұрмысқа шығады. Кейін Қадір аудан, облысқа танымал озат шопандар қатарында болып мал басын көбейту, сақтау, мемлекетке ет, сүт, жүн беруден алдына жан салмай озат шопан атанады. Бегімжанов Ортай ағаймен қатар:

Жаныбекова Базаркүл, Бидәулетов Толыбай, Орынбасаров Мелдехан, Тасжанов Ибаділда, Орынбаев Бегалы, Мақұлбеков Биболат, Игілік Амандық, Елеукеев Сағынбек, Тоқбергенова Үрзада, Асылбекова Аманкүл, Есалихов Кеңес, Жақсымбетов Ескермес, Батырбекова Мәриш, Ахметов Қыдырәлі сияқты есімі елге танымал, білім саласының маржандары, білікті ұстаздардың мектеп қабырғасында жарқын іздері мен аяулы есімдері қалды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, шәкірті.

